

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы N 1946 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 815 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 429 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.20 № 429 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы N 1946 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 57, 551-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жоғары ғылыми-техникалық комиссия туралы ережеде:

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. ЖҒТК-ні төраға - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі (бұдан әрі - төраға) басқарады, оның ғылым және инновациялар саласындағы уәкілетті органдардың бірінші басшылары тұлғасындағы екі орынбасары, сондай-ақ ғылым және техника салаларындағы басшылықты және үйлестіруді қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшенің, ЖҒТК-нің жұмыс органының басшысы лауазымындағы жауапты хатшысы болады.";

үшінші абзацта "өндіріс" деген сөз "ұлттық компаниялар, ірі бизнес және үкіметтік емес сектор" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"ЖҒТК-нің жанынан дүниежүзіне танымал отандық және шетелдік ғалымдардан тұратын Халықаралық сараптамалық кеңес құрылады. Халықаралық сараптамалық кеңестің ережесі мен құрамын төраға айқындайды.";

4-тармақ мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Халықаралық сараптамалық кеңестің ұсынымдарын ескере отырып, елдің ғылыми-техникалық даму басымдықтарын мақұлдау;

мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың ұсынымдарын ескере отырып,
, ғылыми-техникалық бағдарламаларды мақұлдау;

Республикалық бюджет комиссиясына ғылыми-технологиялық

бағдарламаларды қаржыландыру көлемі жөнінде ұсынымдар әзірлеу;
әрбір үш жыл сайын Қазақстан Республикасының Президентіне елдің ғылыми-технологиялық даму қорытындылары бойынша есеп дайындау.

Ж Ғ Т К ү ш ж ыл да б і р р е т :

ғылыми-техникалық дамудағы әлемдік трендтер және елдің нақты бағыттар бойынша озық ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған әлеуетті мүмкіндіктері туралы Халықаралық сараптамалық кеңесті;

орындалған ғылыми-технологиялық бағдарламалардың нәтижелері туралы Білім және ғылым министрлігін және басқа да салалық министрліктерді;

ғылыми қоғамдастықтың және үкіметтік емес сектордың өкілі ретінде Ғылым туралы ұлттық баяндамасымен Ұлттық ғылым академиясын тыңдайды.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. ЖҒТК-нің қызметін, оның ішінде ЖҒТК-нің жұмысына тартылатын шетелдік және отандық ғалымдар мен сарапшылардың қызметтерін қаржыландыру және оларды іссапарға жіберу осы мақсаттарға бөлінетін республикалық бюджет қаражатынан жүргізіледі.";

көрсетілген қаулыға 2-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2006 жылғы 25 тамыздағы

№ 815 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1999 жылғы 20 желтоқсандағы

№ 1946 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы

Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның құрамы

Ахметов

- Қазақстан Республикасының Премьер-

Даниал Кенжетайұлы

Министрі, төраға

Әйтимова

- Қазақстан Республикасының Білім және

Бірғаным Сарықызы

ғылым министрі, төрағаның орынбасары

Школьник Владимир Сергеевич орынбасары	- Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі, төрағаның
Могильный Валерий Валентинович директоры, хатшы	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым департаментінің
Досаев Ерболат Асқарбекұлы	- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі
Есімов Ахметжан Смағұлұлы	- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі
Құсайынов Марат Әпсәметұлы	- Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі
Жұмағалиев Асқар Қуанышұлы	- Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің төрағасы
Әбдімомынов Азамат Құрманбекұлы	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі
Сұлтанов Қуаныш Сұлтанұлы	- Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы
Сағадиев Кенжеғали Әбенұлы	- Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы
Қуанғанов Фархад Шаймұратұлы	- Қазақстан Республикасы Премьер- Министрінің Кеңсесі Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің меңгерушісі
Әбдіманапов Сәрсенғали Әбдіғалиұлы	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры
Қожамқұлов Төлеген Әбдісағиұлы	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры
Жантаев Жұмабек Шабденамұлы	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті "Астрофизикалық зерттеулер орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры
Жұрынов Мұрат Жұрынұлы президенті	- "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы" қоғамдық бірлестігінің

- Қадыржанов - Қазақстан Республикасы Энергетика және
Қайрат Камалұлы минералдық ресурстар министрлігі
"Қазақстан Республикасының Ұлттық
ядролық орталығы" республикалық
мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры
- Раманқұлов - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Ерлан Мірхайдарұлы министрлігінің Ғылым комитеті "Қазақстан
Республикасының Ұлттық биотехнология
орталығы" республикалық мемлекеттік
кәсіпорнының бас директоры
- Сүлейменов - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Ербол Зинаддинұлы министрлігінің Ғылым комитеті "Қазақстан
Республикасының Ұлттық ғылыми-
техникалық ақпарат орталығы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорнының
бас директоры
- Саданов - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Аманкелді Құрбанұлы министрлігінің Ғылым комитеті
"Биологиялық зерттеулер орталығы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорнының
бас директоры
- Әдекенов - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Серғазы Мыңжасарұлы министрлігінің Ғылым комитеті
"Фитохимия" ғылыми-өндірістік орталығы"
акционерлік қоғамының президенті
- Арынғазин - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Асқар Қанапияұлы министрлігінің Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті Іргелі
зерттеулер институтының директоры
- Дробжев - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Виктор Иванович министрлігі Ғылым комитетінің
"Астрофизикалық зерттеулер орталығы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорны
Ионосфера институтының директоры
- Қасқабасов - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Сейіт Асқарұлы министрлігінің Ғылым комитеті
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институтының директоры

Жәкішев	- "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом
Мұхтар Еркінұлы	компаниясы" акционерлік қоғамының
президенті	
Қарабалин	- "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы"
Ұзақбай Сүлейменұлы	акционерлік қоғамының президенті
Кәрібжанов	- "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының
Қайрат Сәлімұлы	президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК